

**Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының 8D08201 – «Мал шаруашылығы
өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша
(PhD) доктор ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның
оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық
және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ерекшеліктері»
тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); <u>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u> 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы 2022 жылғы маусым айының 15-ші жұлдызында бекітілген (№52-Д бұйрық). Ғылыми жұмыс 2021-2023 жылдарға арналған мемлекеттік ғылыми- техникалық және ҚР АШМ мемлекеттік тіркеу нөмірі: BR 10764957 «Ара шаруашылығында селекциялық процесті тиімді басқару технологияларын әзірлеу» ғылыми- техникалық бағдарламасы бойынша орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u>	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған. Автордың жеке үлесі жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлігін жүзеге асырудан, әдеби деректерді талдаудан тұрады. Автор зерттеу міндеттерін ғылыми тұрғыда негіздеуден бастап, тәжірибелік жұмыстарды жоспарлау және жүргізу, алынған морфометриялық,

			генетикалық және өнімділік деректерді заманауи статистикалық әдістермен өңдеу мен кешенді талдау, нәтижелерді ғылыми ортада жариялау, сондай-ақ нормативтік-техникалық құжаттамаларды әзірлеу және практикаға енгізу ісіне белсенді үлес қосты.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация <u>жоғарғы</u> деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыс талапқа сәйкес рәсімделген және жоғары деңгейде мемлекеттік тілде сауатты жазылған. Диссертация авторының жеке қатысуымен ауқымды ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізілген және ғылыми мақалалар Халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда жарық көрген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы бал араларының морфометриялық және молекулалық-генетикалық сипаттамаларын кешенді зерттеу — биологиялық әртүрлілікті сақтау мен ара шаруашылығы өнімділігін арттырудың маңызды алғышарты болып табылады. Қазіргі таңда климаттық өзгерістер мен антропогендік факторлар салдарынан ара популяцияларына төнетін қауіптер артып келеді. Осыған байланысты жергілікті генетикалық ресурстарды сақтау және тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми зерттеулер өзекті мәселеге айналууда. Морфологиялық және генетикалық көрсеткіштерді ескере отырып селекциялық тұрғыдан бағалау, жоғары өнімді және төзімді ара тұқымдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулер бал араларының адаптациялық қабілетін арттыру мен ауруларға төзімділігін күшейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, жергілікті аралар генофондын сақтау ауыл шаруашылығының экологиялық тұрақтылығы мен экономикалық

			тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған зерттеу еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-техникалық прогресті қолдауға үлес қосады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан толық байланысқан. Барлық бөлімдері бір-бірімен тығыз байланысқан, зертханалық жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі рет-ретімен баяндалып, қортындыланған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) осы уақытқа дейінге жүргізілген зерттеулермен салыстырылып, сыни талдау жасалып, зерттелген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер толығымен жаңа (90%) болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%	Иә, диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа әрі ғылыми тұрғыда негізделген. Зерттеу барысында алғаш рет

		жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алматы және Жетісу облыстарының табиғи-климаттық аймақтарындағы бал араларының морфометриялық, генетикалық және өнімділік қасиеттеріне кешенді база беріліп, олардың селекциялық әлеуеті мен экологиялық бейімделу ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар, бал өнімдерінің түрлеріне қарай флоралық мамандану бағытындағы зерттеулер нәтижесінде өңірлік ерекшеліктер ескерілген селекциялық-асылдандыру жұмыстарының қажеттілігі негізделді. Алынған нәтижелер ара шаруашылығын ғылыми негізде дамытудың жаңа тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік береді және Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағының ара шаруашылығы саласын жетілдіруге нақты үлес қосады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Иә, диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер толығымен жаңа әрі ғылыми тұрғыда толық негізделген. Зерттеу нәтижесінде алғаш рет Алматы және Жетісу облыстарының табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген бал араларын өсірудің тиімді әдістері анықталды, морфометриялық және генетикалық сипаттамаларына сүйене отырып, селекциялық жұмыстарды жүргізу қажеттілігі дәлелденді. Сонымен қатар, ара шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру және өндіріс тиімділігін жоғарылату мақсатында араларды флоралық мамандану бағытында аудандастыру ұсынылды. Бұл шешімдер саланың экологиялық, экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және ара шаруашылығын басқарудың жаңа ғылыми негізделген әдістерін қалыптастыруға бағытталған.
6.	Негізгі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды

	негізділігі	тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	дәлелдемелерде <u>негізделген</u> .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Қорғауға шығарылған барлық қағидаттар толық дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Иә, Алматы және Жетісу облыстарында карника тұқымды аралардың басымдығы алғаш рет морфометриялық заманауи әдістермен жан-жақты сипатталды. 7.4 Омарта шаруашылықтарын дамыту бағдарламаларын әзірлеу және аймақтық селекциялық жұмысты жоспарлау үшін қолданылады. 7.5 Иә, нәтижелер ғылыми мақалаларда жарияланған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	1) <u>Ия</u> Зерттеу әдіснамасын таңдау ғылыми тұрғыда негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде толықтай сипатталған. Диссертациялық жұмыста

			зерттеудің заманауи әдістері мен қатар зерттеудің жалпы қолданыстағы әдістері келтірілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	1) Ия Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми ақпараттар мен нәтижелердің дәйектілігі ғылыми-методологиялық және әдістемелік материалдармен, қолданылған заманауи құрал-жабдықтармен дәлелденген. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	1) Ия Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста нақты маңызды, ғылыми-тәжірибелік мәлімдемелер келтірілген және олар сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті . Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 114.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	1) Ия Диссертацияның теориялық маңызы бар, сондықтан оны жоғары оқу орындары мен колледждерде

			әдістемелік нұсқаулық ретінде қолдануға болады. Автордың зерттеу нәтижелері «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша кейінгі ғылыми зерттеулерде қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Бұл диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және шаруашылық үшін тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс авторының еңбегіне ұқсас жазылған басқа авторлардың еңбектерін сілтемесіз пайдалану фактісі кездеспейді. Диссертациялық жұмыс жазу барысында академиялық адалдық сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Диссертация мәтінінде кейбір ғылыми терминдердің қазақша аудармасында қателіктер бар. 2. Жұмысты орындауда аздаған стильдік және грамматикалық қателер орын алған. 3. Диссертациялық жұмыстың соңында көрсетілген пайдаланылған әдебиеттер тізімінде кейбір әдебиеттердің беттік санында қате кеткен. Кез-келген ғылыми жұмыс ескертулерсіз болмайды, әрі ол зерттеу маселесіне деген сыртқы көзқарас екенін ұмытпағанымыз жөн. Оның үстіне берілген ескертулер мен ұсыныстар принципалдық сипатқа ие емес және жүргізілген ғылыми жұмыстың жалпы концепциясына, маңыздылығына және ғылыми жаңалығына қайшы келмейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация)	Диссертация тақырыбы бойынша 4 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде Scopus " OnLine Journal of Biological Sciences" (Cite Score 2023 - 2.1, процентиль – 55),) және Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Ізденіс және нәтижелер журналымен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Ғылым және білім журналында ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК құрамына	

мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	кіретін мерзімді басылымдарда. Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының диссертациясы бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары және зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ерекшеліктері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай келеді, 8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:

Самарқанд мемлекеттік ветеринарлық
медицина, мал шаруашылығы және
биотехнологиялар университетінің
«Жекеменшік зоотехния және жайылым мал
шаруашылығы» кафедрасының доценті, ауыл
шаруашылығы философия
докторы (PhD).



ning imzosini
Maxmadiyarov O.A.
(қолы, тегі, атты-жөні)
Samarkand davlat veterinariya meditsinasi,
chorvachilik va biotexnologiyalar universiteti
Xo'jaliklar bo'limi boshlig'i

Мерзімі « 2 » 05 2025 жыл